

Мұнай өңдеу саласындағы шаруашылық жүргізуші субъектілер көрсететін қызметтердің жекелеген түрлеріне бағаларды мемлекеттік реттеу жөніндегі жекелеген мәселелер. Қаулының атауы өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.04.13. N 567 қаулысымен

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 16 тамыз N 1160. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1519 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.12.31 № 1519 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының Z952688_ 9-бабының 7-тармақшасына және "Бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына сәйкес, сондай-ақ тұтынушылар мүддесін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мұнай өңдеу саласындағы шаруашылық жүргізуші субъектілерге мемлекеттік реттеу шаралары қолданылады деп белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.09.18. N 1413 қаулысымен. Р 9 9 1 4 1 3 _

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.04.13. N 567 қаулысымен. Р 0 0 0 5 6 7 _

2. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекені қорғау жөніндегі агенттігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп заңдарда белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін мемлекеттік реттеуді қамтамасыз етсін.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.09.18. N 1413 қаулысымен. Р 9 9 1 4 1 3 _

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі